

Ұлы ғалым, құрметті шейх 'Абд әл-'Азиз ибн Баздың  
(Аллаһ оны рахым етсін)

Имам Мухаммад ибн 'Абд әл-Уаһһабтың  
(Аллаһ оны рахым етсін)

# «ТӨРТ ЕРЕЖЕ»

кітабына

жасаған түсіндірмесі (шархы)

Қазақ тіліне аударған: [«Абу Ханифа мирасы»](#) сайтының редакциясы

## **Шейх ‘АбдуЛлаһ ибну ‘Абд әр-Рахман ибну ‘АбдуЛлаһ әл-Жибриннің кітапқа жазған пікірі**

Жалғыз Аллаһқа мақтау-мадақтар, одан кейін пайғамбарлар келмейтін Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың игілігі болсын.

Содан соң:

Мен біздің қадірлі шейхымыз ‘Абд әл-‘Азиз ибн ‘АбдуЛлаһ ибн Баздың, Аллаһ оны рақымына бөлеп, құрметті орынмен марапаттасын, дінді жаңғыртушы (мужаддид), ұлы ғалым шейх Мухаммад ибну ‘Абд әл-Уаһһаб әт-Тамимидің, Аллаһ оны рахымына бөлесін әрі оны да, бізді де жарылқасын, «Төрт ереже» кітабына жазған түсіндірмесін (шархын) оқып шықтым.

Өзінің осы түсіндірмесінде шейх осы ережелер Аллаһ құлдарына парыз еткен бірқұдайшылықтан (таухидтан) не нәрселерді қамтитынын және оны не бұзатынын түсіндіріп берген, ал бұл (соңғысы) – көпқұдайшылық (ширк). Әрі сондай-ақ ол осы көпқұдайшылықты жасайтындардың жағдайын әрі сол кездің көпқұдайшыларды (мүшриктері) Аллаһтың Раббылықтағы бірқұдайшылығын мойындатынын, алайда бұл олардың өмірі мен мал-мүліктерін құтқара алмағанын, керісінше, олардың өздеріне қарсы дәлел болғанын түсіндіріп берді.

Әрі мен Аллаһтан осы еңбекті біз үшін пайдалы етуін сұраймын. Сондай-ақ мен Одан пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына игілік тілеймін.

**‘АбдуЛлаһ ибну ‘Абд әр-Рахман ибну ‘АбдуЛлаһ әл-Жибрин  
24. 10. 1426 һ/ж.**

### **Кіріспе**

Жалғыз Аллаһқа мақтау-мадақтар, одан кейін пайғамбарлар келмейтін Мухаммадқа Аллаһтың игілігі болсын.

Ал содан соң:

Ақиқатында, Аллаһтың осы үммет үшін сыйлаған ұлы нығметтерінің бірі – бұл әр ғасырда біз үшін Аллаһтың дініне шақыратын және одан жамандық істеушілердің бұрмалауларын, өтірікшілердің дәйексіз тұжырымдарын және надандардың бұрыс түсіндірмелерін тойтаратын ғалымдар мен дағуатшыларды сақтайтыны. Әрі сондай дағуатшылардың, түзетушілердің бірі - имам Мухаммад ибну ‘Абд әл-Уаһһаб, Аллаһ Тағала оны рахым етсін, болатын. Ол өзінің тәлімгерлік (қызметін) бастағаннан кейін, Ұлы Аллаһ ол арқылы Өз дінінің әмірлерін қайта жаңғыртты. Әрі Аллаһ оған көптеген, көлемі бойынша шағын болса да, бірақ мағынасы бойынша өте үлкен болған өте пайдалы кітаптар мен жолдауларды жазуды жеңілдетті.

Осы жолдаулардың арасында дағуат имамдары зейін қойып қарайтын және оны тәпсірлеп, мағынасын түсіндіріп, адамдарға, өздерінің шәкірттеріне және білімгерлерге жеткізуге тырысатын «Төрт ереже» бар.

Сондай-ақ оның кітаптарына, атап айтқанда осы «Төрт ереже» жолдауына, шейх 'Абд әл-'Азиз ибн 'АбдуЛлаһ ибн Баз да, Аллаһ оны рахым етсін, бірнеше рет түсіндірме жасаған болатын. Ол осы орайда шариғи дәлелдерге сүйеніп және үкім-ережелер шығарып, (осы жолдаудың) кейбір мағыналарын түсіндіріп берді және маңызды ескертпелер жасады.

Шейх 'Абд әл-'Азиз ибн Баздың басқа да түсіндірмелері мен тәпсірлеріне қосылатын осы «Төрт ереже» кітабына жазған шархын оқып шыққандардың қатарында сондай-ақ мәртебелі шейх, ғалым, доктор 'АбдуЛлаһ ибну 'Абд әр-Рахман ибну 'АбдуЛлаһ әл-Жибрин; мәртебелі шейх, доктор 'Абд әл-'Азиз ибн 'АбдуЛлаһ Аали 'Абд әл-Ләтыф та бар.

Аллаһтан осы құрметті шейхтарды сый-сауапқа бөлеуін әрі осы еңбекті шейх 'Абд әл-'Азиз ибн 'АбдуЛлаһ ибн Баздың, Аллаһ оны рахым етсін, таразысында салмақты етуін және оған Жәннатта кең орын нәсіп етуін сұраймыз.

Әрі пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына салауаттар мен сәлем болсын.

### **Ірі ғалымдардың Тұрақты Комитеті**

\*\*\*\*\*

#### **Шейх 'Абд әл-'Азиз ибн Баздың «Төрт ереже» жолдауына жазған кіріспе сөзі**

Шейх 'Абд әл-'Азиз ибн 'АбдуЛлаһ ибн Баз, Аллаһ оны рахым етсін, Аллаһқа мадақтар айтып, Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) игіліктер тілегеннен соң былай деді:

«Ал содан соң:

Бұл төрт ережеге шейхымыз, Аллаһ оны рахым етсін, біздің назарымызды бұрды, әрі бұл ережелер өте маңызды болып табылады. Кім оларды түсініп, жақсылап ұғып алса, сол көпқұдайшыл-мүшриктердің діні мен мұсылмандардың дінін түсінеді. Алайда адамдардың көбі осы ережелерді түсінбейді ғой! Әрі оларға осы дүние сәндене көрсетілді де, олар соқыр болды, сөйтіп Аллаһтан басқа қабірлер мен оларда жатқандарға, әулиелерге, ағаштарға, тастарға құлшылық ететін болды. Әрі олар бірқұдайшылық (таухид) пен көпқұдайшылыққа (ширкке) қатысты білімсіздігінің себебінен өздерін тура жолдамыз деп санайды.

Әрі осы ережелерді құрастырған – ол шейх имам Мухаммад ибну 'Абд әл-Уаһһаб, Аллаһ оны рахым етсін. «Діннің жаңартушысы» (мужаддид)<sup>(1)</sup> деген атаққа ие болған бұл кісі һижраның XII ғасырының орта кезеңінде тәлім берген және һижраның 1206 жылы қайтыс болған».

---

<sup>(1)</sup> Дінді жаңартушы – араб. мужаддид, яғни Аллаһ пен Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұмытылған әмірлері мен тыйымдарын қайта жаңғыртқан, дін мен таухидтің туын қайта көтерген ғалым кісі.

### Автордың<sup>(4)</sup> сөздері:

«Ұлы Аршының Раббысы – Аса Жомарт Аллаһтан Ол саған бұл өмірде де, болашақ өмірде де пана болуын, сені қайда жүрсең де игілікті етуін және сыйға бөленгенде алғыс айтушылардан, сынақ көргенде сабыр етушілерден, күнә жасағанда кешірім сұраушылардан етуін сұраймын, өйткені осы үш сипат бақыттылықтың белгісі болып табылады!»

### Түсіндірме:

«Автор, Аллаһ оны рахым етсін: «Ұлы Аршының Раббысы – Аса Жомарт Аллаһтан Ол саған бұл өмірде де, болашақ өмірде де пана болуын, қайда жүрсең де игілікті етуін...», - деп айтты.

Бұл жерде автор білім ізденушіге жазған жолдауы мен ол үшін жасаған дұғасының арасын біріктірді. Бұл, яғни білім алып жатқан кісіге осы (нәрсе) оған пайдалы болуын дұға етіп сұрау – дұрыс басшылық пен көркем мінезділіктен. Әрі егер Аллаһ осындай дұғаны қабыл етсе, бұл білім үйренушіге жетістік болатынына күмән жоқ!

Автордың: «...және сыйға бөленгенде алғыс айтушылардан, сынақ көргенде сабыр етушілерден, күнә жасағанда кешірім сұраушылардан етуін сұраймын...», - деген сөздері. Міне, жетістік дәл осы нәрселерде, бұлар жетістіктің құрамдас бөліктері, әрі егер мұмин адам осы сипаттарға ұмтылатын болса, ол бақытқа бөленеді. Ал бұл – Аллаһтың бұйрықтарын орындап және тыйымдарынан тыйылып, Оның берген нығметтері үшін шүкіршілік етуге ұмтылу, ал егер мойынсұнбаушылық орын алып жатса, онда оған тәубе ету мен кешірім сұрау ұласады.

Міне, мұминнің ісі (өмірі) осы. Әрі бұл туралы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

عَجَبًا لِأَمْرِ الْمُؤْمِنِ إِنَّ أَمْرَهُ كُلَّهُ خَيْرٌ وَلَيْسَ ذَلِكَ لِأَحَدٍ إِلَّا لِلْمُؤْمِنِ إِنْ أَصَابَتْهُ سَرَاءٌ شَكَرَ فَكَانَ خَيْرًا لَهُ وَإِنْ أَصَابَتْهُ ضَرَاءٌ صَبَرَ فَكَانَ خَيْرًا لَهُ

«Мұминнің ісі таңқаларлық! Оның барлық істері ол үшін игілік! Әрі бұл мұминнен басқа ешкімге тән емес! Егер оған бір игілік келіп жетсе, ол Аллаһқа шүкіршілік етеді, әрі бұл ол үшін игілік болады! Ал егер оның басына қайғы (сынақ) түссе, ол сабырлық танытады, әрі осында да ол үшін игілік бар!»<sup>(5)</sup>

Сондай-ақ мұмин адамға есендікте де, яғни оған денсаулық пен күш-қуат, Исламның нығметі, балалар, мал-мүлік, тағы да бұдан өзге нәрселер сияқты игіліктер берілгенде де, Аллаһқа шүкіршілік ету міндетті болып табылады, әрі пенде өзінің Раббысына Оның әмірлеріне бағынуда және тыйымдарынан тыйылуда да шүкіршілік етуі керек.

Аллаһ Тағала былай деген:

اعْمَلُوا آلَ دَاوُودَ شُكْرًا

<sup>(4)</sup> Яғни шейх Мухаммад ибну ‘Абд әл-Уаһһаб (әрі қарай да осылай).

<sup>(5)</sup> Хадис сенімді. Имам Муслим № 7692 келтіреді.

«Әй, Дәуіттің отбасы, Маған шүкір етіңдер!» («әс-Саба» сүресі, 34: 13).

Яғни: «Мен не бұйырған болсам, соны орындаңдар да, Мен неге тыйым салған болсам, содан аулақ болыңдар. Әрі Аллаһ Тағалаға мойынсұнуда сендерге берілген нәрселерді пайдаланыңдар. Ауырғанда әрі ата-аналарың, жақындарың қайтыс болғанда, т.с.с. кездерде (Аллаһтың) жарылқауына үміттеніп, сабыр етіңдер. Және асығыстық пен сабырсыздық танытпаңдар, жоқтап-дауыстап жыламаңдар және жәхилиет кезінің дұғаларымен дұға етпеңдер, жаман сөздер айтпаңдар, алайда сабыр етіңдер, ал күнә жасаған кездеріңде тәубе етуге және кешірім тілеуге ұмтылыңдар»».

\*\*\*\*\*

### Автордың сөздері:

«Ендеше, Аллаһ сені Өзіне бағыну жолына салғай, ханифия – бұл Ибраһимнің діні, әрі ол Аллаһтың дінін шынайы ықыласпен ұстанып, бір Оған ғана құлшылық ету екенін біл. Аллаһ Тағала былай деді:

وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ ﴿٥١﴾

«Мен адамдар мен жындарды тек Өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым» («әз-Зәрият» сүресі, 51:56).

Ал Аллаһ сені Оған ғана құлшылық етуің үшін жаратқанын білген соң, енді сен намаз тазалықсыз (дәретсіз) намаз деп аталмайтыны сияқты, құлшылық та таухидсіз (бірқұдайшылықсыз) құлшылық деп аталмайтынын да біліп ал. Егер құлшылыққа ширк (Аллаһқа серік қосу, көпқұдайшылық) араласып кетсе, ол бұзылады, міне, сол сияқты дәрет те нәжіспен ластанудан бұзылады.

Ал (енді) сен егер ширк құлшылыққа араласса оны бұзатынын, амалдарды жойып, пендені мәңгілік Отта (Тозақта) тұрақтануға душар ететінін білген екенсің, (енді) сен үшін мұны білу - ең маңызды міндетің екені айқын болды, бәлкім, Аллаһ сені ширк атты батпақтан құтқаратын шығар. Аллаһ Тағала былай деп айтты:

إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ ﴿٤٨﴾

«Ақиқатында, Аллаһ Өзіне серік қосқанды кешірмейді, бірақ осыдан басқасын қалағанына кешіреді» («ән-Ниса» сүресі, 4:48, 116).

Сен ширктен аман қалуың үшін, Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында атап өткен төрт ережені білуге тиістісің».

### Түсіндірме:

«Ал егер мұмин кісі ластанғанда дәрет бұзылатыны секілді таухидке де ширк қосылып кетсе оны құртатынын түсінсе, онда оның дініне ширк араласып оны бұзбауы үшін, (оған) таухид пен ширкке байланысты барлық нәрсені оқып үйрену маңызды болады.

Өйткені таухид – бұл Аллаһтың діні, бұл - Ислам және бұл - тура жол. Әрі егер ширктің (көпқұдайшылықтың) түрлерінен болған әлдебір нәрселер орын алса, онда Ислам бұзылады, дін бұзылады. Мысалы, әруақтарға дұға етіп жалбарыну, олардан көмек тілеп сиыну, дінді балағаттап тіл тигізу, Аллаһты және Оның Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) балағаттап, оларға тіл тигізу, Аллаһты, Оның Елшісін, Оның дінін сайқымазақ етіп қорлау, мұсылмандарға айқын белгілі болған, мысалы, зина т.с.с. Аллаһ тыйым салған (харам) нәрселерді рұқсат етілген (хәләл) деп сену. Әрі егер осы істердің әлдебіреуі әлдебір адамда орын алып жатса, онда бұл нәрселер оның Исламын бұзады. Бұл - ластанудың зәр, жел, қи шығу сияқты қандай да бір түрі мұсылманның дәретін бұзатынындай.

Және егер әлдебіреу бес уақыт намаздың парыз екендігін немесе зинаның харам екендігін (мойындамай) теріске шығарса, сол кәпір болады. Әрі кім әруақтардан дұға етіп тілесе де, оларға нәзір беретін болса да, сол да кәпір болады!

Сондықтан да ақида-сенімге қатысты бұл Құранға негізделген ережелерді түсіндіру маңызды болып табылады, әрі егер сен оларды оқып-үйренсең және ұғып алсаң, онда сен үшін діндегі көптеген істер түсінікті болады!»

\*\*\*\*\*

## Автордың сөздері:

### «Бірінші ереже

Сен Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға қарсы соғысқан кәпірлер Аллаһ Тағаланың Жаратушы, Ризық беруші, Басқарушы екенін мойындағанын білуің керек. Бірақ бұл оларды мұсылман етпеді. Мұны Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлелдейді:

قُلْ مَنْ يَرْزُقُكُمْ مِنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ أَمَّنْ يَمْلِكُ السَّمْعَ وَالْأَبْصَرَ وَمَنْ يُخْرِجُ الْحَيَّ مِنَ الْمَيِّتِ وَيُخْرِجُ الْمَيِّتَ مِنَ الْحَيِّ وَمَنْ يُدَبِّرُ الْأَمْرَ فَسَيَقُولُونَ اللَّهُ فَقُلْ أَفَلَا تَتَّقُونَ ﴿٣١﴾

«(Мухаммад, оларға) айт: «Сендерге аспаннан, жерден кім ризық жібереді? Есту мен көруге ие кім? Өліден тіріні, тіріден өліні кім шығарады? Әр істі кім басқарады?» Олар: «Аллаһ!» - дейді. «Ендеше, қорықпайсыңдар ма?» - де» («Юнус» сүресі, 10:31)».

### Түсіндірме:

«Бірінші ереже – бұл сенің Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабалары олармен соғысқан көпқұдайшыл-мүшриктер Аллаһтың Раббылықтағы бірқұдайшылығын мойындағанын білуің. Яғни Ол оларды жаратқанын, ризық беретінін, әлемдерді басқаратынын (мойындады), әрі оларда осыған қатысты күмән болған жоқ!

Ал бүгінгі күні (діни) сауаты жоқ мұсылмандар осы (раббылықтағы) таухид (адам мұсылман болу үшін) жеткілікті деп ойлайды! Бұл олардың білімсіздігінен.

Өйткені әлгі мүшрик-көпқұдайшылдар бұлардан білімдірек болып тұрғаны ғой. Әрі әлдебіреу Аллаһ оны жаратқанын, ризық беретінін растаса, бұл (оның мұсылман болуы үшін) жеткілікті емес, өйткені мүшриктер де осыны растайтын.

Аллаһ Тағала былай деп айтады:

وَلَيْنُ سَأَلْتَهُمْ مَنْ خَلَقَهُمْ لَيَقُولُنَّ اللَّهُ

«Егер олардан: «Кім жаратты?», - деп сұрасаң, әлбетте: «Аллаһ», - дейді. Сонда, қалай бұрылып барады?!» («әз-Зухруф» сүресі, 43: 87)

وَلَيْنُ سَأَلْتَهُمْ مَنْ خَلَقَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ وَسَخَّرَ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ لَيَقُولُنَّ اللَّهُ

«Егер олардан: «Көктер мен жерді кім жаратты және күн мен айды кім іске қосты?», - деп сұрасаң, әлбетте: «Аллаһ», - дейді. Сонда олар қайда лағып барады?!» («әл-‘Анкабут» сүресі, 29: 61).

Көпқұдайшыл-мүшриктер осыны растайтын.

Аллаһ Тағала былай деп айтады: «Айт, - яғни айт, уа, Мухаммад: - «Сендерге аспаннан, жерден кім ризық жібереді? Есту мен көруге ие кім? Өліден тіріні, тіріден өліні кім шығарады? Әр істі кім басқарады?» Олар: «Аллаһ!», - дейді. «Ендеше, қорықпайсыңдар ма?», - де», - яғни егер сендер осының барлығын білсеңдер, онда Аллаһқа серік қосуға қалай қорықпайсыңдар? Сендер таухид пен ақиқатқа қайтуларың керек!

Алайда көпқұдайшылдар осыны біле тұра, ширктен бас тартқысы келмейтін, әрі олардың білімі оларға ешқандай пайда келтірмеді! Керісінше, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олармен соғысты, өйткені олар Аллаһты құлшылық етуде жалғыздамайтын және Оған әл-Ләт, әл-Узза, әл-Мәнат сынды (құдайларын) және басқа да пұттарды серік қосатын.

Таухид (бірқұдайшылық) – бұл тек Аллаһ қана құлшылық етуге лайықты әрі Одан басқа ешкім құлшылыққа лайықты емес деген сеніммен сол гибадатты жалғыз Аллаһқа ғана арнау.

Әрі біз екінші ережеде көпқұдайшыл-мүшриктер өздерінің әулиелерге, әруақтарға, пұттарға сиынуын Аллаһқа жақындауды қалау және олардан шапағат тілеу ғана деп айтатынын түсіндіріп беретін боламыз».

\*\*\*\*\*

### Автордың сөзі:

#### «Екінші ереже

Олар былай дейді: «Біз оларға бізді Аллаһқа жақындатуын және Оның алдында бізге шапағатшы болуын сұрап жалбарынамыз және жүгінеміз». Көпқұдайшыл-мүшриктердің Аллаһқа жақындау мақсатымен дұға жасайтынын Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлелдейді:

وَالَّذِينَ اتَّخَذُوا مِنْ دُونِهِ أَوْلِيَاءَ مَا نَعْبُدُهُمْ إِلَّا لِيُقَرِّبُونَا إِلَى اللَّهِ زُلْفَىٰ إِنَّ اللَّهَ يَحْكُمُ بَيْنَهُمْ فِي مَا هُمْ فِيهِ يَخْتَلِفُونَ ۗ إِنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي مَنْ هُوَ كَاذِبٌ كَفَّارٌ ﴿٣٩﴾

«Сондай Аллаһтан өзгені өздеріне көмекші еткендер: «Біз бұларға Аллаһқа жақындатсын деп қана табынамыз», - дейді. Күдіксіз, олардың араларындағы таласқан нәрселеріне Аллаһ үкім береді. Расында, Аллаһ өтірікші, кәпір болғандарды тура жолға салмайды!» («әз-Зумәр» сүресі, 39:3).

Шапағат аду мақсатымен жасалатын дұғаға Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

وَيَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ مَا لَا يَضُرُّهُمْ وَلَا يَنْفَعُهُمْ وَيَقُولُونَ هَؤُلَاءِ شَفَعَتُنَا عِنْدَ اللَّهِ

«Олар Аллаһтан басқа өздеріне зиян да, пайда да бермейтіндерге құлшылық қылып: «Бұлар - біздің Аллаһ алдындағы шапағатшыларымыз!», - дейді» («Юнус» сүресі, 10:18).

Ал шапағат ету екі түрге бөлінеді: (шариғатпен) қайтарылатын шапағат және (шариғатпен) бекітілген шапағат.

(Шариғатпен) қайтарылатын шапағат – Аллаһтан басқадан сұралатын шапағат, ал оны тек Аллаһ қана сыйлауға қабілетті. Аллаһ Тағала былай деді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا أَنْفِقُوا مِمَّا رَزَقْنَاكُمْ مِنْ قَبْلِ أَنْ يَأْتِيَ يَوْمٌ لَا بَيْعَ فِيهِ وَلَا خُلَّةٌ وَلَا شَفِيعَةٌ ۗ وَالْكَافِرُونَ

هُمُ الظَّالِمُونَ ﴿٢٥٤﴾

«Әй, иман келтіргендер! Сендерге берген несібемізден саудаласу да, жақсы көру де, шапағат та болмайтын бір күннің келуінен бұрын Аллаһ жолында жұмсаңдар. Ал кәпірлер - олар залымдар» («әл-Бақара» сүресі, 2:254).

(Шариғатпен) бекітілген шапағат – ол Аллаһтан сұралатын шапағат, әрі шапағат жасаушы Аллаһ тарапынан ігілікке бөленген болып табылады да, ал шапағаттың өзі Аллаһ сөздері мен амалдарына разы болған (адамдарға) жасалады. Және шапағат ету тек Аллаһ рұқсат бергеннен кейін ғана мүмкін болады, бұл жөнінде Аллаһ Тағала:

مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ ۚ

«Оның алдында Оның рұқсатынсыз кім шапағат етеді?», - деді («әл-Бақара» сүресі, 2:255)».

### Түсіндірме:

«Яғни олар (мүшриктер) өздері дұға етіп жалбарынаатындарын жаратады немесе ризық береді, немесе басқарады, немесе өлтіріп тірілтеді деп айтпайтын, әрі бұл тек Аллаһқа ғана тән іс екенін мойындайтын. Алайда олардың мақсаты, олардың бар қалауы Аллаһқа жақындауда көмек (тілеу) және шапағат сұрау болатын. Өйткені, олардың айтуы бойынша, олардың дұға етіп жалбарынаатындары дін ұстануда олардан жақсырақ, олар Аллаһқа көбірек мойынсұнатын немесе қазір мойынсұнуда, әрі олардың игі істері де мол. Әрі сондықтан да олар құлшылықтың

кейбір түрлерін соларға жасап және көмек үшін соларға жүгініп, олардан тілейтін. Мұның барлығын олар сиынып жатқандары олардың (Аллаһ алдындағы) шапағатшылары болуы үшін және оларды Аллаһқа жақындатуы үшін (істейтін).

Аллаһ Тағала олар туралы былай деді:

وَالَّذِينَ اتَّخَذُوا مِنْ دُونِهِ أَوْلِيَاءَ مَا نَعْبُدُهُمْ إِلَّا لِيُقَرِّبُونَا إِلَى اللَّهِ زُلْفَىٰ

«Сондай Аллаһтан өзгені өздеріне көмекші еткендер: «Біз бұларға Аллаһқа жақындатсын деп қана табынамыз», - дейді», - яғни олар бұл әулиелер мен пайғамбарларға осы арқылы Аллаһқа жақындау мақсатында ғана құлшылық жасайтынын айтады. Әрі Аллаһ бұған былай деп жауап берді:

إِنَّ اللَّهَ تَحَكُّمٌ بَيْنَهُمْ فِي مَا هُمْ فِيهِ يَخْتَلِفُونَ إِنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي مَنْ هُوَ كَاذِبٌ كَفَّارٌ ﴿٦٧﴾

«Күдіксіз, олардың араларындағы таласқан нәрселеріне Аллаһ үкім береді. Расында, Аллаһ өтірікші, кәпір болғандарды тура жолға салмайды!»

Аллаһ бұл аятта олардың сылтаулары мен мәлімдеулері өтірік және күпірлік екеніне нұсқап айтады! Ал бұл (өз кезегінде) олардың құлшылықтары тіпті (Аллаһқа) жақындау және шапағат тілеу мақсатымен жасалған болса да, діннен шығаратын күпірлік болып табылатынына нұсқайды. Тіпті олар өздерінің құлшылық жасайтындарын жаратады немесе ризық береді деп айтпаса да, бірақ сонымен бірге олардан тілейді, оларға нәзір береді, оларға көмек сұрап жүгінеді, оларға арнап құрбан шалады, яғни бұл алғашқы буын мүшриктерінің күпірлігіндей күпірлік. Әрі сондықтан да бұл күпірлік және өтірік деп аталады, өйткені олар: «(Біз) осы арқылы Аллаһқа жақындаймыз!», - деп айтқанда өтірік айтады, ал осы амалдарды жасағанда күпірлік танытады!!!

Аллаһ Тағала былай деп айтады:

وَيَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ مَا لَا يَضُرُّهُمْ وَلَا يَنْفَعُهُمْ وَيَقُولُونَ هَؤُلَاءِ شَفَعَتُونَا عِنْدَ اللَّهِ

«Олар Аллаһтан басқа өздеріне зиян да, пайда да бермейтіндерге құлшылық қылып: «Бұлар - біздің Аллаһ алдындағы шапағатшыларымыз!» - дейді». Әрі Аллаһ Тағала тағы да бір рет олардың құдайлары оларға пайда да, зиян да келтіре алмайтынын, олардан жамандықты қайтара алмайтынын, алайда олар бәрібір солардан шапағат тілейтінін растады, ал Аллаһ солар туралы:

فَمَا تَنْفَعُهُمْ شَفَاعَةُ الشَّافِعِينَ

«Әрі оларға шапағат етушілердің шапағаты көмектеспейді!» («Әл-Мудәссир» сүресі, 74: 48), - деп айтты емес пе?!

Өйткені олар жасап жатқан ширк (көпқұдайшылық) олар үшін шапағат етушілердің шапағат жасауына тыйым салады және оны мүмкін емес етеді; ол оларға көмектеспейді, керісінше, олар үшін зиянға айналады. Алайда оларға көмектесетін нәрсе – бұл Аллаһтың алдында тәубе ету және Оның бірқұдайшылық дінін ұстану, әрі жалғыз Оған ғана құлшылық ету және ширктен аулақ болу, бұған «لا إله إلا الله» (Лә иләһә илләЛлаһ – Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ) куәлігінің мағынасы нұсқайтынындай, ал бұл Аллаһты құлшылықта, дұға етуде, қорқуда, үміт етуде, құрбан шалуда, нәзір беруде жалғыз ету. Сондай-ақ оларға ширктен, Аллаһқа әлдекімді серік қосудан, мейлі ол жіберілген пайғамбар

немесе (Аллаһқа) жақын періште, немесе жын, немесе олардан өзге кім болса да, аулақ болу.

Міне, осы – Аллаһтың діні.

Таухид, дін, Ислам – бұл тек Аллаһқа ғана құлшылық ету және құлшылықты Одан өзге кімге болсын арнауға тыйым салу. Әрі егер кімде-кім осы құлшылықты жаратпайтын және ризық бермейтін біреуге арнаса, онда бұл күпірлік болады әрі мұндай адам Аллаһтың алдында кәпір болады, тіпті егер бұл адам бұл құлшылық ететін объектілер еш нәрсеге ие емес деп санаса да! Өйткені алғашқы көпқұдайшыл-мүшриктер де осыған сенімді еді, әрі олар өздерінің құлшылық жасайтын объектілерін жаратпайтынына және ризық бермейтініне, әрі олар (Аллаһқа) бағынышты және (Оның алдында) зәредей болмашы екенін білетін, алайда бұл оларды ақтамады және (Аллаһтан өзгелерден) шапағат тілегендігі және (Оған) жақындатуды сұрағандығы себепті кәпір етті! Олардың Аллаһтан басқаларға құлшылық етуі, міне, осы еді.

Яғни олардың Аллаһтан басқаларға дұға етуі, олардың құрбан шалулары және көмек сұраулары – мұның барлығы Аллаһты Жаратушы, Ризық Беруші т.с.с. екенін және олардың құлшылық ететін объектілері пайда да, зиян да келтіре алмайтынын растаған күйде, құлшылықты Аллаһтан басқаға арнау, Оған серік қосу болып табылады. Олардың шапағат тілеулері мен осы объектілер арқылы (Аллаһқа) жақындауды қалау – бұл ширк!

Әрі кім Бадауиге немесе ‘Абдул-Қадир әл-Жиләниге, немесе Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), немесе пұттарға, немесе жындарға, ол осынысы арқылы Аллаһқа жақындап жатырмын деген сеніммен, олардың жаратушы да және ризық беруші де емес екенін мойындаған күйінде құлшылық етсе, бұл, біз түсіндіргеніміздей, үлкен ширк (көпқұдайшылық) болып табылады. Көпқұдайшыл-мүшриктердің ұстанған діні де, міне, осы.

Аллаһ Тағала олар туралы былай деп айтады:

مَا نَعْبُدُهُمْ إِلَّا لِيُقَرِّبُونَا إِلَى اللَّهِ زُلْفَىٰ

«(Олар:) «Біз бұларға Аллаһқа жақындатсын деп қана табынамыз», - дейді». Аллаһты алдында тәубе етіп және осындай көпқұдайшылықтан тазарып, өз отбасыларың мен бауырларыңды, туған-туысқандарыңды осыған оқытып-үйретіп әрі осыда белсенділік танып, мұндай діннен, яғни көпқұдайшыл-мүшриктердің дінінен аулақ болу міндетті болып табылады. Оларға жақындап жатқан және шапағат тілеп жатқан құдайларының бұл дүниеде жарату мен ризық беруге ие еместігін біле тұра, оларға құлшылық етулері үлкен ширк болып табылатынын, әрі тауассудді (жақындауды) және осының барлығын тек Аллаһтан ғана тілеу керек екендігін түсіндіру қажет.

\*\*\*\*\*

**Автордың сөзі:**

**«Үшінші ереже**

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түрлі құдайларға құлшылық ететін адамдардың үстінен жеңіске жетті. Олардың арасында періштелерге құлшылық ететіндер, пайғамбарлар мен әулиелерге (ізгілерге) құлшылық ететіндер, ағаштар мен тастарға құлшылық ететіндер және күн мен айға құлшылық ететіндер де бар еді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олармен соғысты және олардың арасын бөліп ажыратқан жоқ. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

وَقَاتِلُوهُمْ حَتَّى لَا تَكُونَ فِتْنَةٌ وَيَكُونَ الدِّينُ كُلُّهُ لِلَّهِ فَإِنَّ آتَتْهُمُ فَإِنَّ اللَّهَ بِمَا يَعْمَلُونَ بَصِيرٌ ﴿٨٣﴾

«Олармен ешбір бүлік қалмағанға дейін және дін бүтіндей Аллаһқа тән болғанға дейін соғысыңдар» («әл-Әнфал» сүресі, 8:39).

Күн мен айға (құлшылық етуге тыйым салынғандығына) қатысты Аллаһ Тағала былай деді:

وَمِنْ آيَاتِهِ اللَّيْلُ وَالنَّهَارُ وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ لَا تَسْجُدُوا لِلشَّمْسِ وَلَا لِلْقَمَرِ وَاسْجُدُوا لِلَّهِ الَّذِي خَلَقَهُنَّ

إِنْ كُنْتُمْ إِيَّاهُ تَعْبُدُونَ ﴿٤١﴾

«Түн мен күндіз және күн мен ай - Аллаһтың дәлелдерінен. Күнге де, айға да сәжде қылмаңдар. Оларды жаратқан Аллаһқа сәжде қылыңдар; егер Оған құлшылық қылатын болсаңдар» («Фуссыләт» сүресі, 41:37).

Періштелерге (құлшылық етуге тыйым салынғандығы) туралы Аллаһ Тағала былай деп айтты:

وَلَا يَأْمُرُكُمْ أَنْ تَتَّخِذُوا الْمَلَائِكَةَ وَالنَّبِيِّينَ أَرْبَابًا

«Ол сендерге: «Періштелер мен пайғамбарларды Раббы жасап алыңдар!», - деп бұйырмайды» («Әли Имран» сүресі, 3:80).

Пайғамбарларға (құлшылық етуге тыйым салынғандығына) Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

وَإِذْ قَالَ اللَّهُ يٰعِيسَى ابْنَ مَرْيَمَ ءَأَنْتَ قُلْتَ لِلنَّاسِ اتَّخِذُونِي وَأُمِّي إِلَهَيْنِ مِنْ دُونِ اللَّهِ ۖ قَالَ سُبْحَانَكَ مَا يَكُونُ

لِي أَنْ أَقُولَ مَا لَيْسَ لِي بِحَقٍّ إِنْ كُنْتُ قُلْتُهُ فَقَدْ عَلِمْتَهُ ۖ تَعْلَمُ مَا فِي نَفْسِي وَلَا أَعْلَمُ مَا فِي نَفْسِكَ ۚ إِنَّكَ أَنْتَ

عَلَّمُ الْغُيُوبِ ﴿١٧﴾

«(Сол уақытта) Аллаһ: «Әй, Мәриям ұлы Иса! Адамдарға: «Аллаһты қойып, мені әрі анамды екі құдай етіп алыңдар!» - деп сен айттың ба?» - дейді. (Иса): «Уа, Аллаһ! Сені пәктеймін! Айтуыма қақым болмағанды мен қалай айтамын? Егер айтқан болсам, онда Сен оны анық білесің. Сондай-ақ менің ішімдегіні Сен білесің, ал мен Сенікін білмеймін. Өйткені Сен - шынайы түрде көместерді толық Білушісің», - дейді» («әл-Мәида» сүресі, 5:116).

Ізгілерге (әулиелерге) (құлшылық етуге тыйым салынғандығына) Аллаһ Тағаланың былай деп айтқаны нұсқайды:

أُولَٰئِكَ الَّذِينَ يَدْعُونَ يَبْتَغُونَ إِلَىٰ رَبِّهِمُ الْوَسِيلَةَ أَيُّهُمْ أَقْرَبُ وَيَرْجُونَ رَحْمَتَهُ وَيَخَافُونَ عَذَابَهُ إِنَّ

عَذَابَ رَبِّكَ كَانَ مَحْذُورًا ﴿٥٧﴾

«Олардың сиынғандарының өздері Раббыларына қайсылары жақын боламыз деп құлшылық арқылы ізденеді, әрі Оның рахметінен үміт етіп, азабынан қорқады» («әл-Исра» сүресі, 17:57).<sup>1</sup>

Ағаштар мен тастарға құлшылық етуге тыйым салынғандығына Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

أَفَرَأَيْتُمُ اللَّتَّ وَالْعُزَّىٰ ﴿٦٠﴾ وَمَنْوَةَ الثَّالِثَةَ الْأُخْرَىٰ ﴿٦١﴾

«Әл-Ләт пен әл-Узза туралы ойландыңдар ма, және үшінші басқа - Мәнәт (туралы)?» («ән-Нәжм» сүресі, 53:19-20).

Әбу Уәқид әл-Ләйси, оған Аллаһ разы болсын, былай деп баяндайтын: «Бірде біз Аллаһтың Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге Хунәйнға жорыққа шықтық. Сол кезде біз жуырда ғана күпірліктен бас тартқан әрі енді ғана дінге келген мұсылман едік, ал мүшриктерде олар оған өздерінің қаруларын іліп қойып <sup>2</sup>, оның алдында өз (діни) рәсімдерін өткізу үшін жиналатын, және оны Зәт Әнуат деп атайтын бір ағашы бар болатын. Міне, сонда біз әлгі ағаштың жанынан өтіп бара жатқан кезімізде: «Уә, Аллаһтың Елшісі, бізге де солардікіндей Зәт Әнуат жасап беріңізші», - дедік...» <sup>3</sup>

\*\*\*\*\*

## Төртінші ереже

Қазіргі заман мүшриктерінің көпқұдайшылығы Исламға дейінгі мүшриктердің көпқұдайшылығынан қорқынышты. Өйткені ерте замандағы

<sup>1</sup> Әл-Бухари Абдуллаһтың бұл аят жөніндегі хадисін жеткізген: «Кейбір жындарға адамдар құлшылық ететін, ал жындар Исламды қабылдады». Ибн Мәс'уд былай деді: «Бұл аят жындарға құлшылық ететін арабтардың бір тобы жөнінде түсірілген еді. Кейіннен жындар Исламды қабылдады, ал адамдар бұл жөнінде білмей, оларға құлшылық етуін жалғастыра берді. Міне, сол кезде осы аят түсірілген еді». Ал Аллаһ бұл жөнінде жақсырақ біледі!

<sup>2</sup> Қаруларына осы ағаштан келетін береке дариы деп.

<sup>3</sup> Хадис сенімді. Оны имам әт-Тирмизи мен шейх әл-Әлбани «әз-Зыләл-Жәннада» (№76) келтіреді. Бұл мұсылмандар таяу уақытта ғана күпірлікті тастап, Исламды қабылдаған еді, бірақ иман мен таухид олардың жүректерінде әлі толық орнықпаған болатын. Көпқұдайшылар бұл ағашқа өздерінің қаруларын іліп қоятын еді, өйткені олар осы амалды Аллаһ жақсы көреді деп ойлады және осы арқылы Аллаһқа жақындағылары келді. Сондықтан да Исламды жақын арада ғана қабылдаған мұсылмандар мұның Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алып келген дініне қайшы келетінін білмеді. Әрі осы хадистің соңында, сахабалардың осы сөздерінен кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

الله أكبر وقتلتم والذي نفسي بيده كما قالت بنو إسرائيل لموسى اجعل لنا إلهًا كما لهم إلهة قال إنكم قوم تجهلون لتركبن سنن من كان قبلكم  
«Аллаһу Өкбар, жаным Қолында болғанмен ант етемін, сендер Исраил қауымы Мұсаға: «Бізге де солардікіндей бір құдай жасап бер!», - деп айтқан сөздеріндей бір сөз айттыңдар. Әрі ол оларға: «Ақиқатында, сендер надан қауымсыңдар!», - деп жауап берген болатын. Ал сендер (осыда) өздеріңнен бұрыңғылардың салттарына ілесіп жатырсыңдар».

көпқұдайшылар игілік-есендікте болған кездерінде Аллаһқа теңдес (серік) қосатын, бірақ бақытсыз (қайғы-қасірет) кездерінде Оның алдында өз діндерін тазартатын (Оған ғана құлшылық ететін). Біздің кезіміздің көпқұдайшылары үнемі, игілік-есендікте де, бақытсыздықта да Аллаһқа теңдес (серік) қосады. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай деп айтты:

فَإِذَا رَكِبُوا فِي الْفُلِّ دَعَوْا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ فَلَمَّا نَجَّيْنَاهُمْ إِلَى الْبَرِّ إِذَا هُمْ يُشْرِكُونَ ﴿٦٥﴾

«Қашан олар кемеге отырса, Аллаһтың алдында дінін тазартып, Оған жалбарынады, ал Ол оларды құтқарып, құрлыққа шығарса, - сол уақытта олар Аллаһқа серік қосады» («әл-'Анкабут» сүресі, 29:65).

**Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына  
Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!**

### Түсіндірме:

Үшінші ереже – бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдар құлшылық ететін түрлі объектілерді әшкерелегені. Кейін шейх бұл ережеден соң төртіншісін келтірді, әрі кім оларды ұғып алса және жақсылап түсінсе, сол көпқұдайшылдардың дінін танитын және оны мұсылмандардың дінінен ажырата білетін болады. Сондай-ақ олардың арасындағы айырмашылықты көре алатын болады. Автор, Аллаһ оны рахым етсін, түсіндіріп берген бұл ережелер маңызды әрі өте түсінікті. Бұл - Аллаһ ол арқылы жасаған насихат.

Кім осы төрт ережені жақсылап оқып-үйренетін болса, сол елшілердің дінін білетін болады.

Бірінші ережеде<sup>(30)</sup> мүшриктер әр-рубубия (яғни Аллаһтың Раббылықтағы) таухидын растайтыны және олар Аллаһтың Жаратушы, Ризық беруші, Басқарушы, Тірітуші, Өлтіруші деген есімдерін теріске шығармайтыны нақты түсіндірілген болатын. Олар Аллаһ Өзінің пенделеріне ризық беретінін түсінетін әрі олардан осы туралы сұрағанда, олар мұны растайтын:

وَلَيْنُ سَأَلْتَهُمْ مَنْ خَلَقَهُمْ لَيَقُولُنَّ اللَّهُ فَأَنَّى يُؤْفَكُونَ

«Егер олардан: «Сендерді кім жаратты?», - деп сұрасаң, олар міндетті түрде: «Аллаһ», - деп жауап береді» («әз-Зухруф» сүресі, 43:87).

Екінші ережеде мүшриктердің: «Біз бұларға Аллаһқа жақындатсын деп қана табынамыз», - деп айтатын сөздеріне, яғни олар өздерінің құлшылық жасайтындары жарататынына немесе ризық беретініне сенбейтініне түсіндірме жасалған болатын. Олар Жаратушы және Ризық Беруші – бұл Аллаһ екенін білетін. Алайда әулиелер мер әруақтарға тек Аллаһқа жақындау және шапағат сұрау мақсатымен құлшылық жасайтынын айтатын. Әрі Аллаһ Тағала олардың: «Біз бұларға Аллаһқа жақындатсын деп қана табынамыз», «Бұлар - біздің Аллаһ

---

<sup>(30)</sup> Әрі қарай шейх ибн Баз қайтадан алғашқы екі ережені қысқаша түсіндіріп өтеді де, кейін үшінші және төртінші ережелерге ескертпелер жасайды.

**алдындағы шапағатшыларымыз!»,** - деп айтатындары туралы бізге хабарлады. Міне, бұл олардың көпқұдайшылығы – (дәл) осы күннің көпқұдайшылығы. Бұл ширк оларда игілік-есендікте де, қайғы-қасіретте де тұрақты. Олар Аллаһқа пайғамбарларды, әулиелерді, әруақтарды т.с.с. серік қосады. Олардың кейбіреулері тіпті Аллаһқа Оның Раббылығында да (таухид әр-рубубияда) серік қосуға дейін барады. Олар өздерінің әлдебір «шейхтары» немесе «әулиелері» осы әлем мен адамдардың істерін басқарады деп ойлайды. Бұның барлығы олардың надандығы мен ақылсыздығынан, олардың адасушылығы мен парықсыздығынан. Сонысымен олар өздерінің көпқұдайшылығымен әуелгі мүшриктерден де асып түседі!!!

Сондай-ақ шапағаттың екі түрі болатындығына да түсіндірме жасалған болатын: Аллаһ разы болатын әрі тек Оның рұқсатымен ғана жасалатын шапағат, мысалы, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірқұдайшылдарға олар Жәннатқа кірмейінше Аллаһтың рұқсатымен жасалатын шапағаты; және мүшриктер Аллаһтан басқалардан: пайғамбарлардан, әулиелерден, періштелерден, жындардан, ағаштардан – тілейтін өтірік шапағат. Бұлардың барлығы – жарамсыз шапағат! Аллаһ Тағала олар туралы:

﴿مَا تَنْفَعُهُمْ شَفَاعَةُ الشَّافِعِينَ﴾

**«Оларға шапағат етушілердің шапағаты көмектеспейді»** («әл-Муддәсир» сүресі, 74:48), - деді.

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деп айтады:

﴿مَا لِلظَّالِمِينَ مِنْ حَمِيمٍ وَلَا شَفِيعٍ يُطَاعُ﴾

**«Залымдар үшін жақсы көруші туысқан да, олар оған бағынатын шапағатшы да болмайды»** («әл-Ғафир» сүресі, 40:18).

Олардың бұл шапағаты – өтірік, өйткені олар оны Аллаһтан өзгелерден тілейді, әрі Аллаһқа ширк келтіру арқылы жақындағысы келеді.

Кейін үшінші ереже аталды. Онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол кездегі адамдарда болған ширктің барлық түрлерін әшкерелегендігі туралы баяндалды. Олардың кейбіреулері пайғамбарларға, кейбіреулері әулиелерге немесе періштелерге, кейбіреулері жындарға, кейбіреулері ағаштар мен тастарға, ал кейбіреулері күн мен айға сиынатын. Олардың барлығымен сахабалар соғысты әрі олардың арасын ажыратпады. Және осыған (нұсқайтын) аят келтірілді:

﴿وَلَا يَأْمُرُكُمْ أَنْ تَتَّخِذُوا الْمَلَائِكَةَ وَالنَّبِيِّينَ أَرْبَابًا أَيَأْمُرُكُمْ بِالْكَفْرِ بَعْدَ إِذْ أَنْتُمْ مُسْلِمُونَ﴾

**«Ол сендерге: «Періштелер мен пайғамбарларды Раббы етіп алыңдар!», - деп бұйырмайды. Ол сендерді мұсылман болғандарыңнан кейін күпірлікке бұйыра ма?»** («Әли Имран» сүресі, 3: 80).

Әрі Аллаһ олардың періштелер мен пайғамбарларға құлшылық етуін күпірлік деп атады! Сондай-ақ Иса мен христиандардың қиссасында былай деп айтылған еді:

﴿مَا قُلْتُ لَهُمْ إِلَّا مَا أَمَرْتَنِي بِهِ أَنْ اعْبُدُوا اللَّهَ رَبِّي وَرَبَّكُمْ وَكُنْتُ عَلَيْهِمْ شَهِيدًا مَا دُمْتُ فِيهِمْ فَلَمَّا تَوَفَّيْتَنِي كُنْتُ أَنْتَ الرَّقِيبَ عَلَيْهِمْ وَأَنْتَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ شَهِيدٌ﴾

**«(Сол уақытта) Аллаһ: «Әй, Мәриям ұлы Иса! Адамдарға: «Аллаһты қойып, мені әрі анамды екі құдай етіп алыңдар!» - деп сен айттың ба?» - дейді. (Иса):**

«Уа, Аллаһ! Сені пәктеймін! Айтуыма қақым болмағанды мен қалай айтамын? Егер айтқан болсам, онда Сен оны анық білесің. Сондай-ақ менің ішімдегіні Сен білесің, ал мен Сенікін білмеймін. Өйткені Сен - шынайы түрде көместерді толық Білушісің», - дейді» («әл-Мәида» сүресі, 5:116).

Сол сияқты ағаштар мен тастар және әулиелер туралы Аллаһ Тағала былай деді:

أَفَرَأَيْتُمُ اللَّتَ وَالْعُزَّىٰ ﴿١٥﴾ وَمَنْوَةَ الثَّالِثَةَ الْآخَرَىٰ ﴿١٦﴾

«Әл-Ләт пен әл-Узза туралы ойландыңдар ма, және үшінші басқа - Мәнәт (туралы)?» («ән-Нәжм» сүресі, 53:19-20).

Әл-Ләт салиқалы кісі болатын, кейін оның құрметіне тастан пұт жасалды<sup>4</sup>, Мәнәт – сиқыршы әйел еді, ал әл-Узза<sup>5</sup> – ішінде жын отыратын ағаш болатын. Сахабалар олардың арасын бөліп ажыратпай, барлығының көзін құртты.

Ширк – оның құлшылық объектілері күн, ай, періштелер, пайғамбарлар, салиқалы адамдар, жұлдыздар т.б. секілді түрлі болса да, ол бәрібір ширк. Мүшриктер бұлардың барлығын Аллаһқа серік қосады, ал Аллаһ Тағала былай деп айтты емес пе:

وَمَا أَمْرُوهُ إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ

«Оларға шынайы ықыласпен дінді тек Аллаһқа ғана арнап құлшылық ету бұйырылған еді» («әл-Бәйина» сүресі, 98:5).

وَقَضَىٰ رَبُّكَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ

«Раббың Өзіне ғана ғибадат етулеріңді бұйырды» («әл-Исра» сүресі, 17:23).

فَاعْبُدِ اللَّهَ مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ

«Сонда Аллаһтың дінін ықыласты түрде ұстанып, Оған құлшылық қыл» («әз-Зумәр» сүресі, 39:2).

<sup>4</sup> Аудармашыдан (қаз): Құрайштықтардың сиынатын құдайлары туралы баяндап, Ибн 'Аббас әл-Ләт деген құдай туралы былай деген: «Әл-Ләт – бұл қажыларға сауик (деген тағам) дайындайтын адам (болған), әрі кім оның (дайындаған) сауигінен жесе, сол міндетті түрде салмақ қосатын еді. Кейін адамдар соған сиынатын болды» (иснады жақсы (хасан) хабар; Ибн Аби Хатим өзінің қазіргі кезде жоғалған тәпсірінде келтірген, бұл туралы «Фатх ул-Бәриде» айтылған, хадис № 4859).

Мужаһид ибн Жәбр былай деген: «Әл-Ләт – бұл сауик дайындайтын адам болған, ал ол қайтыс болған соң адамдар оның қабірінің басына жиналып, уақыт өткізетін болды» (сахих хабар; Ибн әл-Мунзир және 'Абд ибн Хумаид бұл туралы «Дурр әл-Мәнсурда» «Нәжм» сүресінің 19-аятының тәпсірінде келтіреді).

<sup>5</sup> Аудармашыдан (қаз.): Құрайштықтардың әл-Узза деген құдайы туралы Ибн Жәрир былай деген: «Олардың сиынатын бұл құдайы үстіне ғимарат құрылып, оған жамылғы жабылған тал (ағаш) еді. Ол Мекке мен Таифтің арасында орналасқан Нәхлә деген жерде болатын. Құрайштықтар осы ағашты ұлықтайтын. Сондықтан да Ухуд шайқасы күні Абу Суфиян: «Бізде Узза бар, ал сендерде Узза жоқ», - деді, ал бұған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ««Аллаһ – біздің қамқоршымыз, ал сендерде қамқоршы жоқ», - деп айтыңдар», - деді (хадис сенімді (сахих); Бухари 3039, Бара ибн 'Азибтің сөздерінен).

Бұл ағашты ұлықтау олардың осы ағаштан береке алу ниетімен оған матаның жыртыстарын және басқа да заттарды ілетінінде көрініс табатын. Тура осындай нәрселер бүгінгі күні Түркістанда, Бекет атада, тағы да басқа жерлердегі ағаштармен жасалып жатыр. Ал Аллаһ Оған серік қосылатын нәрселерден Жоғары.

«Құдайларың – Бір Құдай» («әл-Хаж» сүресі, 22:34).

Әрі кім осы аяттарға қарсы болса және олардың маңызын теріске шығарса, сол Аллаһқа серік қосқан болады, мейлі ол (яғни қосқан серігі) пайғамбар, немесе ізгі адам, немесе олардан өзге әлдекім болса да. Міне, сондықтан да Аллаһ

وَقَتْلُوهُمْ حَتَّى لَا تَكُونَ فِتْنَةٌ وَيَكُونَ الدِّينُ كُلُّهُ لِلَّهِ فَإِنَّ آتَهُمْ بِمَا يَعْمَلُونَ بَصِيرٌ ﴿٣٩﴾

«Олармен ешбір бүлік, - яғни ширк, - қалмағанға дейін және дін бүтіндей Аллаһқа тән болғанға дейін соғысыңдар» («әл-Әнфал» сүресі, 8:39) деген аятты түсірді.

Ширк бүлікпен қабаттасып жүреді, бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

وَقَتْلُوهُمْ حَتَّى لَا تَكُونَ فِتْنَةٌ

«Олармен ешбір бүлік қалмағанға дейін, - яғни Аллаһқа қатысты ширк жасау тоқтамайынша және дін тек Оған ғана арналмайынша, - ...соғысыңдар». Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтқанындай:

يَسْأَلُونَكَ عَنِ الشَّهْرِ الْحَرَامِ قِتَالٍ فِيهِ قُلْ قِتَالٌ فِيهِ كَبِيرٌ وَصَدٌّ عَنْ سَبِيلِ اللَّهِ وَكُفْرٌ بِهِ وَالْمَسْجِدِ الْحَرَامِ وَإِخْرَاجُ أَهْلِهِ مِنْهُ أَكْبَرُ عِنْدَ اللَّهِ وَالْفِتْنَةُ أَكْبَرُ مِنَ الْقَتْلِ

«(Мухаммад) олар сенен құрметті айда соғысу туралы сұрайды. Оларға: «Ол айда соғысу зор күнә. Дегенмен, Аллаһтың жолынан тыю, Оған күпірлік жасау, Қасиетті Мешітке кіргізбеу және одан оның тұрғындарын қуып шығару Аллаһтың қасында бұдан да үлкен қылмыс», - де. Сондай-ақ бүлік кісі өлтіруден де жаман» («әл-Бақара» сүресі, 2:217).

Бүлік – бұл ширк!

Әрі осының барлығынан шыға келе, мұсылмандардың билеушілеріне қабірге табынушыларға қарсы, олар кім болса да, соғысу және оларды (хаққа) шақыру және оларға насихат жасау міндетті болады. Егер олар насихат пен шақыруды тәрк етсе, онда күш пен мүмкіндік болса, олармен соғысу керек.

فَاتَّقُوا اللَّهَ مَا اسْتَطَعْتُمْ

«Шамаларың жеткенше Аллаһтан қорқыңдар» («әт-Тәғабун» сүресі, 64:16).

وَقَاتِلُوهُمْ حَتَّى لَا تَكُونَ فِتْنَةٌ وَيَكُونَ الدِّينُ كُلُّهُ لِلَّهِ

«Олармен ешбір бүлік қалмағанға дейін және дін бүтіндей Аллаһқа тән болғанға дейін соғысыңдар» («әл-Әнфал» сүресі, 8:39)

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деп айтады:

انْفِرُوا خِفَافًا وَثِقَالًا وَجَاهِدُوا بِأَمْوَالِكُمْ وَأَنْفُسِكُمْ فِي سَبِيلِ اللَّهِ ذَلِكُمْ خَيْرٌ لَّكُمْ إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ

(Әй, мұминдер!) Жеңіл әрі ауыр түрде соғысқа шығыңдар. Сондай-ақ Аллаһ жолында малдарыңмен, жандарыңмен соғысыңдар. Осыларың сендер үшін қайырлы, егер білген болсаңдар» («әт-Тәуба» сүресі, 9:41).

Ал ағаштар мен тастарға құлшылық жасауға қатысты айтар болсақ, онда мұның тыйым салынғанына Абу Уаки' әл-Ләйсиден жеткен хадис нұсқайды. Онда ол өздерінің бірде Хунәйнға (жорыққа) шыққандығы және Исламды жуырда ғана қабылдағаны туралы баяндайды. Әрі олар мүшриктер ұлықтап, оған өздерінің қаруларын іліп қоятын және оған ілінген қаруға күш-қуат дариды деп айтатын ағаштың жанынан өтіп бара жатып, Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен

сәлемі болсын) тура солардікіндей ағаш жасап беруін сұрады. Бұған Пайғамбар былай деп жауап берді:

الله أكبر وقتلتم والذي نفسي بيده كما قالت بنو إسرائيل لموسى اجعل لنا إلهة كما لهم آلهة قال إنكم قوم تجهلون لتركبن سنن من من كان قبلكم

«Аллаһу Өкбар, жаным Қолында болғанмен ант етемін, сендер Исраил қауымы Мусаға: «Бізге де солардікіндей бір құдай жасап бер!», - деп айтқан сөздеріндей бір сөз айттыңдар. Әрі ол оларға: «Ақиқатында, сендер надан қауымсыңдар!», - деп жауап берген болатын. Ал сендер (осыда) өздеріңнен бұрынғылардың салттарына ілесіп отырсыңдар».

Әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға сұрап жатқан нәрселерінің ширк, яғни Аллаһтан өзгеге құлшылық етуге ұмтылу екеніне нұсқады!!! Мусадан да (қауымы): «Бізге де солардікіндей бір құдай жасап бер!», - деп сұраған еді.

Және бұл – одан алдыңғыларымен бірге ұлы ереже.

Кейін төртінші ережеде шейх ежелгі мүшриктердің көпқұдайшылығы бүгінгі күннің көпқұдайшылығынан жеңілірек екенін түсіндірді. Бүгінгі күнде жасалатын ширк одан да зор және одан да жиіркенішті.

Әрі, бұл жоғарыда айтылып кеткендей, алғашқы ұрпақтардың көпқұдайшылығы игілік-есендікте ғана жасалатын, ал соңғы ұрпақтардың көпқұдайшылығы игілік-есендікте де, қайғы-қасіретте де (жасалуда). Және бұл мүшриктер көптеген елдерге тарап үлгерді, әрі сол жерлерде өздерінің оңбағандықтарын жасауда. (Бұл,) мысалы, Бадауиге, Хусайнге, шейх ‘Абдул-Қадир әл-Жиләниге тағы да басқаларға табынатындардың (көпқұдайшылығы). Әрі олардан және олардың көпқұдайшылығынан, мейлі олар аз болса да, көп болса да, аулақ болу міндетті.

Ал ал алғашқы ұрпақтардың көпқұдайшылығы тек игілік-есендікте ғана болғанына Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

فَإِذَا رَكِبُوا فِي الْفُلِّ دَعَوْا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ

«Қашан олар кемеге отырса, Аллаһтың алдында дінін тазартып, Оған жалбарынады, - яғни олар кемелерде немесе қайықтарда жүзіп бара жатқанда оларға боранды жел тап берсе, олар тек Аллаһқа ғана құлшылық етіп жалбарынады. Ал Аллаһ оларды құтқарғаннан кейін, және олар игілік-есендікте болғанда, өздерінің көпқұдайшылығына қайта оралып, Оған өздерінің пұттарын серік қосады.

فَلَمَّا نَجَّاهُمْ إِلَى الْبَرِّ إِذَا هُمْ يُشْرِكُونَ ﴿٦٦﴾

«... Ал Ол оларды құтқарып, құрлыққа шығарса, сол уақытта олар Аллаһқа серік қосады».

Басқа бір аятта Аллаһ Тағала былай деп айтады:

وَإِذَا مَسَّكُمُ الضُّرُّ فِي الْبَحْرِ ضَلَّ مَنْ تَدْعُونَ إِلَّا إِلَٰهَهُ فَلَمَّا نَجَّاهُمْ إِلَى الْبَرِّ أَعْرَضْتُمْ

«Сендер теңізде бір қиыншылыққа душар болған сәтте, Аллаһтан басқа сиынғандарың жоқ болады. Ал енді сендерді құтқарып, құрлыққа шығарса, жалт бересіңдер» («әл-Исра» сүресі, 17:67).

Немесе мына аятта Ол былай дейді:

وَإِذَا غَشِيَهُمْ مَوْجٌ كَالظُّلَلِ دَعَوْا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ

**«Қашан оларды таулардай толқын орап алса, дінге деген нағыз ықыласпен Аллаһтан тілейді» («Луқман» сүресі, 31:32).**

Мүшриктердің қайғы-қасірет кезіндегі жағдайы осындай болатын: олар құлшылықтарын (ширктен) тазартатын әрі (өздерін) тек Аллаһ қана құтқара алатынын және Одан өзге ешкім құтқара алмайтынын білетін. Ал оларға құтылу келгенде, олар қайтадан өздерінің (әдетті) күнәсы – ширкке бататын да, пұттары мен құдайларына қарай асығатын.

Алайда бүгінгі күннің мүшриктерінің көпқұдайшылығы тұрақты, әрі оларда сана да, түсінік те жоқ. Олар барлық кездерде Аллаһтан өзгелерге құлшылық етеді. Олардың сипаты – ақылдың кемдігі және жүректің надандығы.

Әрі біз Аллаһтан бізді мұндайдан құтқаруын және сақтауын, әрі біздің барлығымызға көмектесуін сұраймыз. Және Одан пайғамбарымыз Мухаммадты, оның отбасын және сахабаларын игілікке бөлеуін тілейміз.

\*\*\*\*\*